


Шағын бизнеске арналған кеңестер

.....

Экспорт көлемін ұлғайту керек пе? *Қалай екенін біз білеміз.*

.....

АҚШ үкіметі мен ЕҚДБ Акционерлерінің арнайы қорының қаржылай қолдауымен біз Қазақстандағы Алматы Желдеткіш зауытына сапаны бақылауды жақсартуда, тиімді қайта құрылымдалуға және экспорт көлемін ұлғайтуға көмектестік.



**Европейский банк
реконструкции и развития**

Желдеткіш жабдық өндіруші, Қазақстан

Біз отандық желдеткіш жабдық шығарушы «АЖЗ» ЖШС өндірістік процесіне үнемді өндіру қағидаттарын енгізуге және оның тиімділігін арттыруға көмектестік. Нәтижесінде, АЖЗ өндірістік процесі жақсарып, өнімділік екі есе артты және өнім бірлігіне шаққандағы шығыстар азайды. Компания мерзімі өткен тапсырыстар көлемін 50%-дан 0%-ға дейін қысқартты.

2008 жылы екі құрылтайшы ескі автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясы ретінде құрған кәсіпорын Қазақстандағы желдеткіш және климат жабдығын жетекші шығарушыға дейін көтерілді, ол қазір бүкіл ел бойынша ірі коммерциялық кәсіпорындар мен өнеркәсіптік объектілерге қызмет көрсетеді. Мұндай желдеткіш пен климат жабдығы Орталық Азия мен Кавказ елдерінде шығарылмайды, көбінесе Қытай мен Түркиядан импортталады, бұл АЖЗ-ның өнімін көрші елдерге экспорттау үшін айтарлықтай әлеует жасап отыр.

Біз компанияны ресейлік тәжірибелі кеңесші «Арсенал Успеха» АҚБ-мен



Сапаны арттыру АЖЗ-ның өнімін шетелдік нарықта анағұрлым бәсекеге қабілетті етті.

байланыстырдық. Кеңесші АЖЗ-ға ұйымдастырушылық тиімділікті арттыру үшін жапондық Кайдзен үнемді өндіріс үлгісін қолдануға көмектесті. Жоба мыналарды қамтыды:

- Қызметкерлерді үнемді өндірістің негізгі қағидаттарына оқыту
- Функционалдық рөлдерді айқындау және жауаптылықты бөлісу
- Жұмыс орындарын басқару жүйесіне 5С құралын енгізу (сұрыптау, тәртіп, тазалық, стандарттау және ішкі тәртіп)
- Визуалдық бақылау жүйесін құру
- Мониторинг және тұрақты басқарушылық есептілік жүйесін енгізу
- Жаңа құрылғылар үшін өндірістік процесс тәсімін жасау

Кәсіпорын анағұрлым бәсекеге қабілетті болған соң айналымды 49%-ға ұлғайтты. 2013 жылы АЖЗ Алматы облысының әкімдігінен Үздік Инновациялық Кәсіпорын атағымен марапатталды. Қазіргі уақытта АЖЗ жаңа модельдерді әзірлеуде және өнім өндіруде инновациялық тәсілдерді қолданады. Компания итальяндық, ресейлік, неміс, қытай және венгерлік серіктестерімен өнім мен бастапқы құрауыштар дизайнымен жұмыс жүргізуде. Жақында АЖЗ LG компаниясымен жаңа өнімдерді бірлесіп шығару туралы келісті. Шетелдік нарықтарда одан да бәсекеге қабілетті бола отырып және экспортқа бағдарланған өнімі бола тұра, өзінің экспорттық стратегиясын жетілдіру келесі қадам болмақ.

www.ebrd.com/knowhow

Айналым

+49%

Орындалған тапсырыстар

+50%

Экспорт

+40%

Өндіруші

+39%

Жобаның жалпы құны

€40,000